

Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ сайысы

Педагогтар музыка әуенімен залға кіреді.

Сәлеметсіздерме құрметті әріптестер бүгінгі менің "Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ сайысыма қош келдіңіздер!"

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ кең тілім,

Таза , терең, өткір, күшті кең тілім.

Таралған түрін балаларым бауырыңа

Ақ қолыңмен тарта аларсың сен тілім.

"Мақал сөздің мәйегі "

Тұз астың дәмін келтірсе

Мақал сөздің сәнін келтіреді дейді.

Деген қаншама сөздермен "Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ" сайысымызды бастаймыз.

Бүгінгі сайыс үш айналым айналымнан тұрады .

1. "Ойлы болсаң озып көр".
2. "Тапқыр болсаң тауып көр".
3. "Кім жүйрік" айналымы

Құрметті әріптестер бүгінгі біздің сайысымызды бақылаушы бақша басшысы
А.А.Салыкова әдіскер Т.В.Нестерова

Ал құрметті әріптестер олай болса сайысымызды бастаймыз.

"Ойлы болсаң озып көр "

Әріптестер менің қолымда "Додекаэдр әдісі пайдаланып жерге лақтырамын
Қандай сурет түседі сол сурет арқылы мақал-мәтел айтып жарысамыз

1. Отан
2. Еңбек
3. Достық
4. Тәрбие

Жарайсыздар әріптестер бүгінгі сайысымыз ерекше болуына байланысты
сіздердің қолдарыңызда домбыра тұр, сол арқылы өздеріңізді бақылаңыздар .
Келесі айналым "Тапқыр болсаң тауып көр " назарымызды экранға аударайық
Экранда түрлі смайликтер көрініп тұр сол смайлик арқылы мақал-мәтел
қарастырамыз.

1. Ата бәйтерек бала жапырақ.
Отан елдің анасы
2. Тіл жүйрік емес ой жүйрік.
3. Оқу Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ.
- 4 . Туған жердің ауасы да шипа жуасы да тәтті.
5. Ел жұртының қадірін іс түскенде білесің
Туған жердің қадірін қыс түскенде білерсің.
6. Ана тілің алпыс тілге татиды
7. Отан оттан да ыстық.
8. Кітап алтын қазына.
9. Ел іші алтын бесік.
10. Отанын сүйген отқа жанбайды суға батпайды

Жарайсыздар әріптестер өте керемет олай болса қане өзімізді бағалап қояйық.
Келесі айналым "Кім жүйрік " айналымы
Мен сіздерге мақал айтамын сіздер соның жалғасын табу керексіздер.

1. Қына тасқа бітеді Білім басқа бітеді
 2. Оқы да біл Ойна да кул
 3. Оқу білім азығы Білім ырыс қазығы .
 4. Өнерлінің қолы алтын Өлеңшінің сөзі алтын.
 5. Ақыл азбайды Білім тозбайды .
- Жарайсыздар әріптестер сіздерге алғысым шексіз
1. Алдыңғы арба қайда жүрсе
Соңғы арба сонда жүреді
 2. Сын түзелмей мін түзелмейді.
 3. Бала баланың ісі шала
 4. Не ексең соны орасың
 5. Әдепті бала арлы бала
Әдепсіз бала сорлы бала.
 6. Білгенім бір тоғыз
Білмейтінім тоқсан тоғыз

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен – тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
Таралған түрік балаларын бауырыңа,
Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен, тілім!

Ата-бабадан қалған асыл мұра мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды ұмытпай, жадымызда сақтап жүрейік. Бүгінгі сайысқа қатысқан педагогтарға рақмет айтамыз. Осымен сайысымыз аяқталды.